

1 сәуірден бастап Қазақстанда жеңілдетілген «7-20-25» ипотекалық бағдарламасының кезекті кезеңі іске қосылды. Екінші тоқсанға арналған қаржыландыру лимиті 25 млрд. теңге көлемінде белгіленді. Бағдарламаға еліміздің барлық азаматтары қатыса алады. Алайда қарыз алушының және оның жұбайының соңғы 18 ай ішінде тұрғын үйі болмауы керек.



□ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ШАРУАЛАР ШАРАПАТТАН КЕНДЕ ЕМЕС

Петропавлда «2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарының ерекшеліктері: агро-өнеркәсіптік кешендегі технологиялық жаңғырту және жасанды интеллектіні пайдалану» атты семинар-кеңес өтті.



Жиынға қатысушылар көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі мәселелерін жан-жақты талқылады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласына заманауи агротехнологияларды енгізу және цифрлық шешімдерді тиімді пайдалану жолдары қарастырылды.

– Өткен жылы облыста ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 1 трлн. теңгеден асты. Дикандарымыз 7 млн. тоннадан ас-

там өнім алды. Мұның барлығы шаруалардың қажырлы еңбегі мен мемлекеттің қолдауының арқасында мүмкін болды, – деді өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов.

Семинарға қатысқан Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев еңбеккерлерге мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау шаралары туралы айтып берді. Елордалық мейманның сөзінше, былтыр елімізде шаруаларды

қолдауға 1 трлн. теңге бөлінген. Нәтижесінде 27 млн. тоннаға жуық өнім алыныпты. Бұл 2024 жылға қарағанда 1 млн. тоннаға көп. «Қазіргі таңда дикандар «Кең дала», «Кең дала-2» бағдарламалары бойынша және «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы арқылы жеңілдетілген несиелені алады», – деді Аманғали Бердалиев.

▶ 2

□ TOSYN TABIĞAT

Өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов су тасқынына дайындық жұмыстарын тексеру мақсатында бірқатар нысандарға барды. Қызылжар ауданындағы қорғаныс құрылыстарының дайындық деңгейін, Заречный кентіндегі айналма каналдың жағдайын, сондай-ақ Петропавл қаласындағы гидротораптағы ахуалды бақылады.

СУ ДЕҢГЕЙІ КӨТЕРІЛДІ

Әкім Прибрежное ауылында су тасқынына қарсы штаб құруды тапсырды. Қазіргі уақытта барлық негізгі учаскелер ерекше бақылауға алынған. Сонымен қатар ауылға апаратын облыстық маңызы бар автомобиль жолын қайта калпына келтіру барысымен танысты. Жоба аясында өткел салынууда, құрылыс жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүріп жатыр.

Мамандардың хабарлауынша, 31 наурыздан Сергеев су қоймасында су деңгейі күрт көтерілді. Қазіргі уақытта ернеуінен 8 см. асты. «Қазгидромет» РМҚ-ның болжамынша, су тасқынының шарықтау шегі сәуір айының екінші-үшінші онкүндігінде күтіледі.

Өңірде су деңгейі тәулік бойы бақыланып, барлық қажетті күштер мен құралдар жұмылдырылған. Жағдай тұрақты бақылауда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

□ TOLĠANDYRAR TAQYRYP

ҮНСІЗ ШАРШАҒАН ҚОҒАМ

Адамды күйбең тіршілік қажытады. Зымырап өтіп жатқан уақытпен жарысып жүргенде дамылсыз тірліктің құлы болып кеткенімізді аңғармай қаламыз. Ал мұның барлығы адамның денсаулығына әсер етпей қоймайды. Осының салдары болар, соңғы кезде қоғамда созылмалы шаршау синдромы кең таралған. Созылмалы шаршау – бұл алты айдан астам уақытқа созылатын физикалық және психикалық әлсіздік. Үнсіз шаршаған қоғам осылай іштей мүжіліп жатыр.



▶ 9



ҚАЗАҚСТАНДА
1 СӘУІРДЕН БАСТАП
НЕ ӨЗГЕРЕДІ? ▶ 4



КОЛЛЕКТОР КЕЛЕ
ЖАТЫР... ▶ 6